



ПУТЬ К ДОБРОДЕТЕЛЬНОМУ МИРУ

Председатель Агентства РК по противодействию коррупции Алик Шпекбаев посетил КазНУ им. аль-Фараби, где открыл Школу добропорядочности. В ходе визита он также ознакомился с реализацией модели вуза нового поколения «Университет 4.0», опытом цифровизации и антикоррупционной работы ведущего университета страны.



Рассказывая о модели вуза нового поколения «Университет 4.0», ректор отметил, что она реализуется на основе концепции «al-Farabi University Smart City» и базируется на симбиозе духовно-нравственной и высокотехнологической платформ. В прошлом году КазНУ как Глобальный хаб ООН по устойчивому развитию презентовал модель в штаб-квартире ООН в Нью-Йорке, где она была рекомендована для широкого распространения на международном уровне. Миссия «Университета 4.0» заключается не только в подготовке высококлассных специалистов, но и в формировании добродетельных граждан страны и мира. Данную идею КазНУ воплощает совместно с Альянсом цивилизаций ООН через международный проект «Формирование граждан добродетельного общества. Миссия современных университетов». В целях ее реализации в ведущих зарубежных университетах открыты и успешно действуют 12 научно-образовательных и культурных центров КазНУ.

Руководитель университета также подчеркнул, что важной составляющей трансформации КазНУ является перевод всех бизнес-процессов в цифровой формат и активное внедрение передовых IT-технологий. В центре ситуационного управления, который оснащен современным оборудованием интерактивного сбора и анализа информации, гостю продемонстрировали цифровые возможности интегрального управления всей деятельностью вуза. Особый интерес вызвала электронная система «Универ», разработанная специалистами КазНУ и обеспечивающая прозрачность всей деятельности университета, в том числе распределение мест в общежитии, перевод на гранты и др. Также А.Шпекбаев ознакомился с работой кластера бизнес-компетенций, в который входят центры: исламских финансов; предпринимательства и финансов; биржевых технологий; МВА и ДВА. Они работают вместе с Национальным банком, МФЦА «Астана» и зарубежными партнерами, используя передовой мировой опыт в сфере финансов и биржевого трейдинга.

На юридическом факультете с участием председателя Агентства состоялось открытие Школы добропорядочности – методического центра по работе со студентами и школьниками. В настоящее время на всех факультетах КазНУ читается специальный курс «Этика добропорядочности», более 5 тыс. студентов вовлечены в работу клуба «Sanaly Uraaq». Гостям были презентованы два проекта НИИ «Антикоррупционных технологий» КазНУ, направленных на формирование добропорядочности у молодежи. Один из них – анимационный фильм «Сказ о добропорядочном городе» для учеников средних школ. В его основу положены философские трактаты аль-Фараби «О взглядах жителей добродетельного города» и «О достижениях счастья». А также республиканская студенческая онлайн олимпиада на цифровой платформе КазНУ на знание антикоррупционного законодательства, приуроченная к Международному дню борьбы с коррупцией.

Глава антикоррупционного ведомства высоко оценил работу университета по внедрению современных антикоррупционных технологий, в том числе через формирование цифровой среды и предоставление услуг в электронном формате.

«Сегодня КазНУ как флагман высшего образования и науки вносит большой вклад в воспитание молодого поколения, для которого добропорядочность, справедливость, честность, законность, профессионализм должны стать жизненными ориентирами. В этом отношении передовой опыт антикоррупционной работы университета несомненно должен перениматься другими вузами страны», – отметил глава антикоррупционной службы Алик Шпекбаев.

В завершение встречи он поблагодарил студентов и преподавателей за поддержку проектов и инициатив Агентства по формированию среди молодежи нулевой терпимости к любым проявлениям коррупции.

Соб. корр.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ 1150 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫН ӨТКІЗУ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қазақстан Республикасының Ерекше тапсырмалар жөніндегі Елшісі Қайрат Лама Шариф әл-Фарабидің 1150 жылдығын мерекелеуге арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша ҚР Сыртқы істер министрлігі мен университеттің бірлескен іс-қимылдарын талқылау мақсатында ҚазҰУ-ға келді.

Жұмыс сапары барысында Елші ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтановпен кездесті. Онда Қайрат Лама Шариф университет өкілдерін шет елдердегі әл-Фараби мерейтойына арналған ҚР СІМ-нің негізгі іс-шараларының күнтізбелік жоспарымен таныстырды. Кездесу барысында әл-Фараби жылын өткізу және ұлы ойшылдың 1150 жылдығына арналған іс-шаралар туралы ҚР шет елдердегі елшіліктерімен ақпарат алмасу жөніндегі бірлескен жұмыс туралы келісімге қол жеткізілді.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ұлы ойшылдың атын абыроймен алып жүрген университет әлемдік өркениет ұлы ойшылдарының бірі ретінде әл-Фараби образын және оның өзекті идеяларын алға жылжыту бойынша үлкен жұмыс жүргізуде. ҚазҰУ-да құрылған әл-Фараби орталығы ұлы философтың идеялары мен олардың жаһандану дәуіріндегі маңыздылығын алдыңғы қатарлы шетелдік ғылыми мектептермен ынтымақтастықта белсенді түрде кешенді зерттеуде.

Жалғасы 2-бетте

ҚазҰУ-да жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Бірінші курс таланттары» көркемөнерпаздар байқауы өтті. Был да Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайының ішіне лық толған студенттер өз факультеттерін қолдап келген.

ЖАЛЫНДАЙ БЕР ЖАС ТАЛАНТ

Эстрадалық ән, классикалық ән, дәстүрлі ән, халықтық би, қазіргі заманауи би, жас ақындр, домбырада ойнау, қобызда ойнау, пианинода ойнау, гитарада ойнау, жүргізушілер, актерлік шеберлігі номинациясы бойынша бақ сынасқан «Бірінші курс таланттары» байқауының іріктеу кезеңіне үш мыңнан аса өнерлі жастар қатысты. Олардың ішінен жүзден аса оза шапқан бірінші курс студенттері аталмыш гала-концерте өз өнерлерімен көпшілік қауымға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«Бірінші курс таланттары» көркемөнерпаздар байқауының жеңімпаздарын АРТ орталығының директоры Ж. Сартбай, ҚР мәдениет қайраткері, студенттік «Бахыт» шоу-балетінің көркемдік жетекшісі Г. Есмұханбетова, Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Ж. Есімова дипломдармен марапаттады.

Жалғасы 3-бетте



Участники первого антикоррупционного форума «Адалдық аланы», который прошел в Алматы, посетили КазНУ и ознакомились с опытом антикоррупционной работы ведущего университета страны.

ВСТРЕЧА С УЧАСТНИКАМИ ФОРУМА



На масштабный форум съехались представители территориальных департаментов по противодействию коррупции и руководители специальных мониторинговых групп «Адалдық аланы». В рамках мероприятия был организован кампус-тур в КазНУ им. аль-Фараби для ознакомления с научно-инновационными достижениями и антикоррупционными проектами КазНУ.

Делегация посетила музей университета и центр ситуационного управления (ЦСУ), который осуществляет сбор и анализ информации для контроля и мониторинга текущей деятельности, оперативного принятия решений. Инновационный центр произвел большое впечатление на членов делегации.

«Я представлял себе масштаб ведущего вуза страны, но ЦСУ превзошел все мои ожидания, – поделился Ерасыл Толебаев, руководитель проектного офиса «Адалдық аланы» в г.Шымкент. – Это качественно новый, высочайший технический уровень, который позволяет контролировать огромную территорию вуза, мгновенно реагировать на малейшие изменения».

Далее участники кампус-тура посетили кластер бизнес-компетенций, который включает такие центры, как: исламских финансов; предпринимательства и финансов; биржевых технологий; МВАиДВА. Онисотрудничают с Национальным банком, МФЦА «Астана» и зарубежными партнерами в сфере

финансов и биржевого трейдинга.

В библиотеке им. Аль-Фараби большой интерес гостей вызвала экспозиция в музее, посвященная наследию великого ученого и мыслителя. Также гости посетили Центр обслуживания студентов «Керемет», оказывающий более 500 услуг по принципу «одного окна».

«Я под большим впечатлением от экскурсии, – поделилась руководитель проектного офиса «Шығыс адалдығы», председатель регионального Совета деловых женщин НПП РК «Атамекен» по ВКО Елена Березинская-Абилова. – Рада, что представилась возможность познакомиться с ведущим вузом

республики. Уровень технического оснащения, педагогического состава, образовательного процесса, научного потенциала КазНУ очень высок. Университет ушел на десятилетия вперед, начиная с внедрения IT-технологий и оснащения конференц-залов, заканчивая условиями, созданными для студентов».

Кампус-тур завершился посещением проектного офиса «Адалдық аланы» и «Саналы урпак», расположенных в КазНУ. «Искоренение коррупционных проявлений в системе образования, формирование антикоррупционной культуры и мировоззрения среди подрастающего поколения – большая цель

нашей работы, – подчеркнул Кайыржан Токушев, руководитель республиканского проектного офиса «Саналы урпак». В рамках нашего проекта мы работаем со всеми учебными заведениями, начиная с детских садов, школ и заканчивая вузами. Показательный пример – «Школа добропорядочности», которую мы открыли на юридическом факультете КазНУ. Деятельность клуба «Саналы урпак», в котором принимают участие тысячи студентов, направлена на воспитание молодежи в духе главных морально-этических норм и ценностей».

Соб. корр.

Жалғасы. Басы 1-бетте

«Бірінші курс таланттары-2019» гала-концерті өз ерекшелігімен есте қалды. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл байқау үш бөлімнен тұрды. Оның алғашқысы – «Дәстүрлі бөлім» болса, екіншісі – «Классикалық бөлім», ал үшіншісі «Заманауи бөлім» болып жалғасты. Тиісінше, әр бөлімді «Үздік жүргізуші» номинациясын иеленген студенттер бастап, өнерпаздарды ортаға шақырып отырды. «Дәстүрлі бөлімде» жас ақындар өз өлеңдерін оқып, күміс көмей әншілер дәстүрлі әндер орындады. Ал, мың бұралған бишілер қазақ халқының, өзге халықтардың ұлттық билерін билеп, көрермен көзайымына айналды. «Классикалық бөлімде» Классикалық би мен Модерн би көптің көңілінен шықты. Соңғы «Заманауи бөлім» гала концерттің қорытынды шоуына айналып жиналған жастарды керемет бір әсерге бөледі.

ҚР мәдениет қайраткері, студенттік «Бахыт» шоу-балетінің көркемдік жетекшісі Галина Есмұханбетованың мың бұралған шәкірттері де гала-концертті әртүрлі бимен көркемдеп, би өнерінің асқан сұлулығы мен шеберлігін көрсетті. Биылғы «Бірінші курс таланттары» гала-концертінде ерекше есте сақталып жиналған үлкен-кішінің көңілінен шығып, барша қауымды әзілге қарық қылған суырып-салма ақындарымыз

ЖАЛЫНДАЙ БЕР ЖАС ТАЛАНТ



тарих, археология және этнология факультетінің және журналистика факультетінің студенттері бір-бірінен қалыспай керемет айтыс өнерін сыйлады.

Жалынды да жігерлі жастар бүгінгі қоғамымыздың айнасы, еліміздің ертеңі. Демек қазақ жастарының

алдағы уақытта бұдан да қарқынды дамып, талай шыңды, ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің биігін бағындыруға үлкен мүмкіндіктердің ашыла түсері анық. Қазақстанның гүлденуі, ол біріншіден салауатты әрі саналы жастардың көбеюі. Ендеше жарқын болашаққа тек ғана

ның сеніммен қадам басып жатқан ҚазҰУ студенттері де елінің беделін асыратын айбарлы жас болып қалыптасарына біз сенеміз.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Жалғасы 8-бетте

В КазНУ 16 ноября пройдет международная конференция «Современное состояние и перспективы развития регионоведения»

■ ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ-70 ЖЫЛ

Биыл киелі шаңырағымыз 85-ке, ал факультетіміз 70-ке толып отыр. Осынау мерейлі шақта оқу ордамыз тарихта болмаған толайым табыстарға жетіп отыр.

БІЛІМНІҢ МӨЛДІР БҰЛАҒЫ



де қазақ тіліне аударуға көп еңбек еткен. Философиялық мамандықтар тек орталық оқу орындарында Мәскеу, Ленинград және Киев қалаларында ғана оқылатын болып шешілген соң, 1954 жылдан факультет қызметі тек экономикалық білім беру бағытында жүреді.

1963 жылы ФЭФ базасында Алматы халық шаруашылығы институты (Нархоз) құрылады. Ал 1968 жылы философия қайта орнықтырылып ресми түрде философия және экономика факультеті ашылады. Содан бері ФЭФ егемендікке дейін жемісті жұмысын жалғастырып, тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылы: философия және саясаттану, сондай-ақ экономика және әлеуметтану аталып екі дербес факультетке бөлінеді. 1997 жылы әлеуметтану бөлімі философия және саясаттану факультеті құрамына енеді. Осылайша, пішіні өзгергенімен, мәні өзгермеген факультетіміз бүгінде кісі ғұмырлы 70 жылды еңсеріп отыр.

Факультеттің алғашқы түлектері еліне ерен еңбегі сіңген ұл-қыздар: Ж.М. Әбділдин, А.Х. Қасымжанов, Я.А. Әубәкіров, К.А. Сағадиев, М.С. Әженов, М.Т. Темірбеков, Г.А. Югай, З.А. Мұқашев, М.С. Бурабаев, Г.Б. Хан, А.И. Икенов, В.Г. Яковлев, А.А. Аимбетов, О.А. Сегізбаев, В.Г.Бряннов, А.Д. Әжібаева, И.С. Хорошилова, А.Ж. Кельбуганов және басқа да ғалымдар. Бұл кісілер салған сүрлеуді күре жолға айналдырған кейінгі толқын өз алдына тағылымды ғалымдар мектебін қалыптастырды. Олардың біразы ендіге араз болмаса да күре жолдағы айшықты іздері кейінгілерге бағыт сілтейді. Олардың есімдерін атап кетер болсақ: аға буын Н.Ә. Аитов, М.С.Орынбеков, Б.Қ. Құдайбергенов, Т.Т.Мұстафин, Е.Т.Суфиев, Ж.Т. Төленов, Н.С. Сәрсенбаев, А.Х. Тұрғымбаев, Ю.Е. Лифанов, Г.Г. Ақмамбетов, Ш.Қ.Қоқымбаев, Ә.І.Сембаев, Қ.Б.Бержанов, Х.Қ. Арғынов, Қ.Б. Жарықбаев, Г.К. Ахметова, З.А. Исаева, Л.Ә. Байделдинов, Қ.Х. Рахматуллин, М.М. Сужиков, Ж.Ж. Молдабеков, Ә.Н. Нысанбаев, М.Ш.Хасановтар; кейінгі буын Б.М.Хамзин, Б.Ғ.Нұржанов, С.М.Жақыпов, А.Р.Масалимова, Г.Ж. Нұрышева, А.Г.Қарабаева, Г.З.Абдрасилова, Ж.А.Алтаев, К.У. Биекенов, Т.Х. Тұрсынов, Н.Ж. Бәйтенова, М.С.Садырова, Д.Д. Дуйсенбеков, А.И.Лұқпанов, Н.А.Асқаров, Л.А. Асқаров, П.М. Сүлейменов, Ж.А. Әмірқұлова, Ә.Х. Рамазанова, С.Қ. Бердібаева, Э.К. Қалымбетова, З.Н. Садвакасова, Қ.М. Борбасова, Д.Қ. Мамытханов секілді зерделі зерттеушілер.

Факультет түлектері бүгінгі таңда еліміздің және шетелдің жоғары оқу орындарында философия кафедраларын басқаруда. Еліміздің Ұлттық ғылым академиясының Философия және саясаттану институтының қаркасын құрап отырғандар да солар. Негізі еліміздің сан саласынан түлектерімізді көреміз.

70 жылдардан бастап факультетімізде білім алған мыңдаған шетелдік студенттер де факультетіміздің түлектері болып қала бермек. Өткен кезеңге көз жүгірткен кезде философия мен экономиканы бірлестікте қарағанымыз дұрыс болмақ. Ал бұл жағдайда түлектеріміздің таралу ареалы мен қызмет ету аясы тіпті ұлғаяды. ФЭФ әрдайым таңдаулы да беделді факультет ретінде белгілі болған. Оның түлектері бүгінде Қазақстан қоғамының дамуына сүбелі үлес қосқан саяси элита, руханият жаршылары, журналист-жазушылар, билік пен басқарудың, өндіріс пен бизнестің ірі өкілдері. Қызметі мен лауазымын айтпасақ та Марат Оспанов, Марат Тәжин, Бақытжан Сағынтаев, Рахман Алшанов, Әли Әбішев, Рашид Сәрсенов, Нұржан Субханбердин, Гүлжан Қарағұсова, Дидар Амантай, Серік Мырзалы, Ерлан Арын сынды факультет түлектерінің кім екенін бүгінде халық жазбай таниды. Алдағы уақытта да Философия және саясаттану факультеті айтулы тұлғаларды қалыптастыратынына еш күмән жоқ. Әлия Рымғазықызы көпшілікке халқымыздың дәстүрлі мәдениетінің мәселелерін, маргиналдық мәселелерін зерттеп жүрген ғалым ретінде белгілі. Ә.Р. Масалимованың 100-ден аса ғылыми мақалалары, көптеген оқу құралдары мен оқулықтары және басқа да еңбектері (монография, типтік бағдарлама, сөздіктер және т.б.) жарық көрген.

Факультет білікті мамандардан құралған алты кафедранан тұрады.

Философия кафедрасы. Меңгерушісі, философия ғылымының докторы, профессор Гүлжихан Жұмабайқызы Нұрышева;

Дінтану және мәдениеттану кафедрасы. Меңгерушісі, философия ғылымының докторы, профессор Айнұр Дүрбелеңқызы Құрманалиева;

Саясаттану және саяси технологиялар кафедрасы. Меңгерушісі, саясаттану ғылымының докторы, профессор Гүлнар Өрленбайқызы Насимова;

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы. Меңгерушісі, социология ғылымының докторы, профессор Гүлмира Серікқызы Әбдірайымова;

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы. Меңгерушісі, психология ғылымының докторы, профессор Забира Бекешқызы Мадалиева;

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы. Меңгерушісі, педагогика ғылымының кандидаты, доцент, профессор м.а. Нұрсұлу Сейткерімқызы Алғожаева. Басқарушылық және ұйымдастырушылық қабілеттері, білігі жоғары бұл кафедра меңгерушілерінің қай қайсысының да білім беру мен ғылымға қосқан үлестері өлшеусіз.

Философия және саясаттану факультеті қоғамдық өмірдің барлық салалары үшін 10 мамандық бойынша жоғарғы кәсіби деңгейдегі мамандарды дайындайды. Мұнда тұрақты түрде жүзеге асырылатын халықаралық жобалар мен шетелдік серіктес университеттерде білім алу мүмкіндігі қарастырылған. Қос дипломды білім беру бағдарламасы қолданылады. Жоспарлы түрде үш тұғырлы тіл саясаты іске асуда. Студенттер ағылшын тілінде де білім алып жүр. Ұстаздар қауымының жүйелі түрде ағылшын тілін меңгеруі де ескерілген. Факультетте 150-ден астам оқытушы-профессорлар құрамы қызмет атқарады. Олардың 80-нен астамы ғылым докторлары мен кандидаттары, PhD докторлары. Студенттер ақылды, зерек, алғыр, талантты, белсенді және креативті. Факультеттегі, кампусағы студенттік өмір қызықты іс-шараларға толы, мәнді де мағыналы. Факультетте ғылыми-инновациялық орталықтар, жас ғалымдар мектебі, студенттердің ғылыми қауымдастығы және басқа да көптеген құрылымдар қызметі қалыптасқан.

2020 жылы 1150 жылдығы аталып өтпек ұлы бабамыз атындағы 85 жылдық тарихы бар университет пен 70 жылдық тарихы бар факультет тыныс-тіршілігі бүгінде осындай.

Ерболат ҚОШҚАРБАЕВ,
философия кафедрасының
аға оқытушысы



ФИЛОСОФИЯ – АДАМЗАТТЫҚ ҒЫЛЫМ

Философия күні – Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім Ғылым және мәдениет жөніндегі (ЮНЕСКО) 2002 жылғы шешімімен әр жылда қараша айының үшінші аптасының бейсенбісінде өткізілетін мерекеге айналып отыр.

Бұл мерекелік күн БҰҰ-ның білім беру мәселесі бойынша ЮНЕСКО-ға мүшелік ететін 70-тен аса мемлекетте аталып өтеді. Бұл күні философияның өзекті мәселелеріне қатысты аймақтық конференциялар, семинарлар, пікірталас, отырыстар, дөңгелек үстелдер, өнер қайраткерлерімен кездесулер, кітап көрмелері, концерт т.б. ұйымдастырылады.

Философияның ерте замандағы ғылым екендігін бүкіл халыққа айта отырып, оның әлеуметтік мәселелерін талқылай келе, ұлт болып қалыптасуымыздың бастауы екендігіне басқа мамандық иелерінің назарын аударуға мүмкіндік туғызады. Сондықтан да Бүкіләлемдік философия күнінің ең басты мақсаты қарапайым халықты философиялық мұралармен сусындату болып табылады. Мұндай акцияның мәртебелі қатысушылары ретінде ЖОО-ның оқытушылары, ғалымдар мен заманауи философтар сыналады. Әлем бойынша оқыту барысындағы кейбір елдердегі бұл пәннің қолжетімсіздігі, келешек ұрпаққа философияны оқытудың маңыздылығы баса назар аудартады. Әлеуметтің өмірлік мәселелерін сараптай отырып, осы пәннің бүгінгі күндегі оқыту маңыздылығының артып келе жатқандығы Бүкіләлемдік философия күнінің мақсатын айқындап отырғандай болады. Жыл өткен сайын философия пәнін жаңа форматта оқытудың қажеттілігі байқалады.

Еліміздің «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламасының негізінде көптеген философиялық еңбектер қайта жаңғырып, оқырмандарына жол тапқан болатын. Батыс елдерінде философия өте жоғары бағаланатынын ескерсек, демек еліміздің ертеңі парасатты, ғибратты, көреген жастарымыздың қолында деп білемін. Л.Р. Хаббард айтқандай «Даналық оған қолын созған әрбір адамға арналады». Шын мәнінде бұл күн бүкіл әлемдік ғылым

мен білім күні, өйткені философия болмаса ешқандай ғылыми бағыттар ашылмаған болар еді. Сонымен қатар философияның ертеңі мен бүгінгі, келешек жастарды осы мамандыққа оқытудың өзіндік ерекшеліктері, қазіргі заман талаптарына сай болуы, философияны оқытудағы жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығына назар аудартады.

Өткенді білмей келешекке қадам жасау мүмкін емес, кез-келген күрделінің қарапайымнан, ал қарапайымның өзі күрделіден тұратындығына философия терең түсініктеме беретіндігін білеміз. Әсіресе бүгінгі жаһандану заманында ұлттық сананы, рухты сақтап қалу философияның үлесінде екендігіне басқа ғылымдардың таласы болмайды. Бүгінгі күннің даналығы уақытты үнемді пайдалану, денсаулықты сақтау, қолда бар капиталды көбейтумен шектелмей, адам бойындағы тұрақты қасиеттердің мәнділігіне терең бойлауды қажет етеді.

Философия адамзаттық ғылым, өйткені ақиқат барлығымызға ортақ, кез-келген саналы пенденің өмірлік сұрақтарына жауап іздеп өздігінше жауап табуға ұмытылады. Философтарды әркез ой мазалап, даналықтың шыңына жол бастайды дей келе, ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің 70-жылдық мерейтойының Бүкіләлемдік философия күнінде аталып, сол кафедра болып құрылып факультетке айналуына қызмет еткен ғалымдарымыздың ерен еңбектері, олардың әртүрлі мемлекеттік жобаларда атқарған жұмыстары болашақ жас мамандардың алға қоятын мәселелеріне бастау болады.

Е. ЖАРҚЫНБАЕВ,
философия кафедрасының
2-курс магистранты

ТАҢҒАЖАЙЫП КІТАПТАР

"Кітап маған тақтан да қымбат", – деп көрсеткен Шекспир. Бұл сөзден түйер ойымыз, адамға жан азығы, рухани байлығы бола білген – кітап. Сол себепті оның орны тақтан да жоғары. "Наданмен қас болғанша, кітаппен дос бол", – дейді Баус. Кітап – сенің асып-гаспайтын асыл досың. Себебі кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары, саналы, жан-жақты болып тәрбиеленері сөзсіз. Білімнің көзін ашып, ең алғаш ғылым саласын танытқан, оқытып-үйреткен – кітап.

«100 кітап» жобасы аясында Журналистика факультеті Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының 2-курс магистранттарының ұйымдастыруымен «Әлемді өзгерткен таңғажайып кітаптар» атты тақырыпта тәрбиелік іс-шара өтті.

Бір сағатты ғана қамтыған аталмыш тәрбие сағатының мәні зор, маңызы орасан болды. Әлем классиктерінің кітаптары арқылы тың ойлар мен терең толғамдар, пайымды пікірлер айтылып, мәліметтер берілді.

Кафедра студенттері сол дәуірдегі Америка трагедиясын реалистік тұрғыда айқын бейнелеген Теодор Драйзердің «Америка трагедиясы», соңғы демі қалғанша абыройы үшін күрескен Эрнест Хэмингуэйдің «Шал мен теңіз», тіпті иесіз аралда жарты ғұмыры өткен


Даниэль Дефонның «Робинзон Крузо» деген таңғажайып туындыларының сюжеттеріне талдау жүргізілді.

Тәрбиелік іс-шараға педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының доценті, п.ғ.к. Р.С.Қасымова қатысып, тәрбиелік шараның жоғары дәрежеде ұйымдастырылуына әдіс-тәсілдерді үйрете отырып, магистранттарға оқытудың және тәрбиенің жаңа инновациялық технологияларын ұсынды.

Р.ҚАСЫМОВА,
педагогика және білім беру менеджмент
кафедрасының
доценті, п.ғ.к.;
М. АЛЬМУХАМЕТОВА,
2-курс магистранты

Менің саналы елу жылдан артық өмірім әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен байланысты. 1966 жылы, ол кезде С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті деп аталатын, Қазақстандағы жалғыз университетінің «философия» бөліміне қабылданғаннан бастап, осы қара шаңырақта қызмет етіп келемін. Еңбек кітапшамда елу жыл бойы тек бір ұжымның атауы бар және философия – менің бірден-бір басты мамандығым.

МӘДЕНИ ЖӘНЕ РУХАНИ ӘЛЕМНІҢ ТЕРЕҢ ТАМЫРЫ



Жалпы, қазақстандық кәсіби философия марксистік-ленинистік философиясы негізінде ХХ ғасыр ортасында қалыптаса бастады. Берілген философиялық жүйе идеологияландырылған және догматталған сипатта болғанына қарамастан, кәсіби философияның Қазақстанда пайда болуының өзі-ақ қазақ руханилығы мен өркениеттілігінің дамуына өзіндік үлес қосып, маңызды роль атқарды. Кеңес Одағының саяси басшылары өзіндік мақсаттың жетегінде кеткенімен, Қазақстанға философиялық білімнің қалыптасып, ұйымдасуы үшін, жеке жоғары дайындықтан өткен философтарды Ресейден жіберді. Сонымен қатар, Мәскеу, Ленинград, Киев және т.б. қалалардың оқу орындарына кәсіби философиялық білім алуы үшін Қазақстан жастары да бағытталды. Кәсіби философия қалыптасу жүйесіндегі маңызды функцияны түпнұсқа жүгініп, әлемдік философияның барша тарихымен танысуды атқарды.

Өзімді ҚазҰУ-дың философия бөлімінің студенті ретінде еске алатын болсам, әлі күнге дейін есімнен шықпайтыны, біздің оқытушылар (М.Н. Чечин, Ж.М. Әбділдин, Ә.Н. Нысанбаев, Л.К. Науменко, Г.А. Югай, А.Х. Қасымжанов және т.б.) Аристотель, Спиноза, Кант, Гегель және т.б. еңбектерінің концептілерін талап ететіні еске түседі. Орыс тіліндегі әдебиеттерді қолға ала отырып, біз әлем философиясының мұрасына машықтана бастадық. Келесі жағдай қызықты-ақ. Болашақ философтар марксистік философия төңірегінде оның аз идеологияландырылған бөлімдеріне ерекше қызығушылық танытты: философия тарихы мәселелері мен диалектика, гносеология, жаратылыстану мен гуманитарлық ғылым салаларындағы философиялық сұрақтар және т.б. Ұлттық республикаларда орыс философиясының ойлары жөніндегі зерттеулердің дами түсуінің нәтижесінде «КСРО халықтарының философиялық тарихы» сияқты пәндердің қалыптасуына, соның негізінде қазақ руханилығының тарихына бетбұрыс күшейді.

1991 жылы ұйымдастырылған мәдениеттану кафедрасын 1995 жылға дейін басқардым. Бұл уақытта алғашқы мәдениеттанулық зерттеулер жүргізілді, қазақ мәдениетін зерттеудегі ең маңызды теоретикалық, отандық мәдениеттанулық

ғылымның теоретикалық-әдіснамалық мәселелері анықталды. Кафедра ғалымдарымен бірге «Мәдениеттану», «Философия» және «Ғылым тарихы мен философиясы» оқулықтарын (авторлар ұжымы; 2000-2019 жж.); «Философиялық энциклопедиялық сөздікті» (С.Е. Нұрмұратовпен бірге; 2013, 32 б.т.), жаңа буында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жарияланған «Қазақ мәдениетінің тарихы» (2018, 60 б.т.), «Мәдени-философиялық энциклопедия» (2019, 20 б.т.), «Қазақ философиясы» (2019, 17 б.т.), «Қазақ этикасы» (2014, 17 б.т.), «Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі» (2013, 25 б.т.) және т.б. монографияларды дайындап жариялады.

Сонымен бірге, шетелде және шетел тілдерінде жарияланған бірнеше кітаптар мен ұжымдық монографияларды: «21 st-Century Narratives of World History» (АҚШ, Чарльз Уеллер және т.б., «Скопус» базасында, 2017, 40 б.т.), «Kazakh Culture studies» (Германия, 2014, 15 б.т.), «Kazakh Culture challenges» (2018, 14 б.т.), «Culture challenges» (КазНУ, 2015, 13,5 б.т.), «Казахи: опыт культурологического анализа» (Германия, 2012, 20 б.т.), «Диалог и самоидентификация культур» (Германия, 2012, 15 б.т. А.К. Жолдубаева), «The National Philosophy» (Баку, 2019, коллектив, 30 б.т.) және т.б. дайындауға қатысты.

Мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «100 кітап» жобасын жүзеге асыруға тікелей қатысып, Алан Бэрнардтың «Антропологияның тарихы мен теориясы» оқулығы бойынша қазақ тіліне онлайн-курс дайындадым. Кафедрада заман талаптарына сай «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты мультимедиялық оқулық (Т.Х. Рабитов. Алматы: Эверо, 2018 ж.); «Дәстүрлі және заманауи қазақ мәдениеті. Хрестоматия» атты электрондық кітап (авторлар ұжымы. Алматы: Қазақ университеті, 2019); «Қазақстанның рухани мұрасы және мәдени ескерткіштері» атты каталог-контент (Авторлар ұжымы. Алматы: Қазақ университеті, 2018); «Мәдениеттану кітапханасы» атты электрондық кітап (авторлар ұжымы. Алматы: Қазақ университеті, 2017) жарияланды.

Тұрсын ҒАБИТОВ,
дінтану және мәдениеттану
кафедрасының профессоры

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 85 жылдығына орай, журналистика факультеті баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының ұйымдастыруымен, «Ұлттық рух ұясы» атты рухани апталықтың аясында Т. Қожакеев атындағы №230 мәжіліс залында «Қазақ баспа ісі: өткені мен бүгіні» атты алқасөз отырысы өтті.

«ҚАЗАҚ БАСПА ІСІ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ»

мәселелерін көтеріп, бүгінгі қазақ баспа ісінің жай-күйін сараптады.

Қазақстан баспа ісі, кітап шығару мен тарату, елімізде кітаптану ғылымын ерістетіп, кітап оқуды дамыту, электронды кітап жүйесін ілгерілету, авторлардың қаламақы мәселелерін шешу, т.б. көптеген көкейкесті мәселелер күн тәртібіне шығарылды.

Алқасөзге «Қазығұрт» баспасының директоры Т.Көпбаев, «Алматыкітап» баспасының вице-президенті А.Сужикова, «Қазақ энциклопедиясы» баспасының директоры Ж.Тойбаева, «Қазақстан» баспасының директоры Ә.Садырова, «Экономика», «Атамұра», «Мектеп» баспаларының өкілдері мен «Кітап палатасының» қызметкерлері қатысты.

Алқасөзде сөз алған «Қазығұрт» баспасының директоры Темірғали



Көпбаев баспа ісіндегі өзекті мәселелерге тоқталса, Қазақстандағы баспалардың көшбасшысы – «Алматыкітап» баспасының вице-президенті Алмира Сужикова өз баспаларының іс-тәжірибесімен бөлісіп, нарыққа шығудың жолдарын баяндап берді. «Редактор – баспаның жаны» деген ұстанымдағы «Атамұра» баспасының жетекші редакторы Райхан Райбаева университет қабырғасында білімді редакторлар, сауатты корректорлар дайындалса деген пікірін білдірді. Бұдан кейін де жарыссөзге шыққандар баспа ісіндегі мәселелерге жан-жақты тоқталып, біраз ұсыныстар айтты. Алқасөз соңында арнайы қарар қабылданды.

«Ұлттық рух ұясы» апталығы аясында белгілі ақын-жазушылармен кездесулер өткізілді. Олардың бірінде студенттер

мен оқытушылар ҚР мемлекеттік сыйлығының, халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, ақын Гүлнар Салықбаймен кездесті. Шара барысында ақынның сиясы кеппеген жаңа өлеңдерін журналистика факультетінің студенттері жатқа оқып, ән шырқады. Поэзия, қазақ әдебиеті, әлем әдебиеті төңірегінде толғамды пікірлер айтылып, ақынға сұрақтар қойылды. Қазақтың ұлттық құндылықтары, ұлттық рух пен тамыры терең қазақ тарихының соны дүниелері хақында келелі сөз, кенеулі ой айтылды.

А. РАМАЗАН,

баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының меңгерушісі, профессор

Теория и практика на факультете журналистики идут рука об руку. Студенты рады, когда к ним на занятия приходят маститые журналисты, делясь своим опытом. На этот раз гость был особенным, и тема выступления была необычной. Впервые речь зашла о театральной журналистике. Поводом для встречи послужил Республиканский фестиваль драматургии. Приглашенным оказался гость из Москвы.

МАСТЕР-КЛАСС ОТ ЛИНДЫ ФУЛЛЕР

Прошла встреча студентов факультета журналистики КазНУ им. аль-Фараби с профессором Массачусетского Университета (Ph.D., University of Massachusetts, Professor Emerita of Communications at Worcester State University) - Линдой Фуллер (США).



Автор 30 книг и более 250 профессиональных статей по журналистике и массовой коммуникации рассказала о «Межкультурной коммуникации», которая имеет большое значение при общении разных народов, представителей разных стран и континентов, приводила многочисленные примеры межличностного общения из материалов средств массовой информации.

А примеры были очень интересные и поучительные, т.к. Линда Фуллер работала в 2002 году в Сенегале и преподавала по линии программы Фулбрайт в Сингапуре в 1996 году. В последнее время профессор занималась исследованием роли и участия женщин в Олимпийском движении, выпустила книги,

посвященные теме «Female Olympians» (2016), «Female Olympian and Paralympian Events» (2018). На вопрос студентов о дальнейших планах Линда Фуллер с оптимизмом ответила, что хочет изучить участие женщин при восхождении на высочайшие вершины Эвереста. У профессора большие планы после посещения стран Центральной Азии в октябре этого 2019 года (Таджикистана, Туркменистана, Узбекистана, Казахстана и Кыргызстана). В планирует следующем году посетить Китайскую Народную Республику.

Сауле БАРЛЫБАЕВА,

д.и.н., профессор факультета журналистики

КАК ПИСАТЬ ТЕАТРАЛЬНЫЕ РЕЦЕНЗИИ?



творческое становление как режиссера и редактора на телевидении, автора пьес на радио и в театре. Незабываемые впечатления о Казахстане отразились в его многочисленных театральных постановках, детских спектаклях на сценах Павлодара, Петропавловска, Костаная, Караганды, Нур-Султана и Алматы.

Ю.А.Бутунин прошел школу драматургов в Америке и с азами драматургии на телевидении, в кино и театре он щедро поделился с нашими студентами факультета журналистики, которые засыпали его любознательными вопросами. Общение оказалось плодотворным, и продолжением сотрудничества стало предложение Ю.Бутунина подготовить силами студентов радиопередачу «Казахстан театральный» в его программе «Авторская ремарка», которую слушает 30 миллионная аудитория по всему миру.

Сауле БАРЛЫБАЕВА,
д.и.н., профессор факультета журналистики

Бутунин Юрий Алексеевич – генеральный директор Гильдии драматургов России, автор и ведущий передачи «Авторская ремарка» инновационной Телерадиокомпании «Русский мир». Выпускника Народного артиста СССР, известного деятеля культуры Азербайджана Мамбетова – Юрия Бутунина много связывает с Казахстаном. Здесь произошло его

Филология және әлем тілдері факультетінің қазақ тіл білімі кафедрасына «Бір жол, бір белдеу» бағдарламасы бойынша Бейжің қаласындағы Орталық Ұлттар университетінен (Минзу) 19 студент келіп, қазақ тілі мамандығы бойынша 4-курс білімдерін жалғастыруда.

ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕР ТӘНТІ ЕТТІ



ұйымдастырылған шара үшін алғысын білдірді.

«Лингвоарна» ғылыми-зерттеу және оқу-әдістеме орталығы достық қарым-қатынастың білім, ғылым, мәдениет салаларына тигізер игі ықпалына мән бере отырып, болашақта да қазақстандық және шетелдік жастардың өзара түсіністігін, достығын, ынтымақтастығын нығайтуға

селбесіп, жастардың рухани жетілуіне бағытталған бірлескен іс-қимылдарды ұйымдастырады және жастардың ізденісіне қолдау көрсетеді.

Ханшайым ҚАРАБАЕВА,
Қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к., «Лингвоарна» ғылыми-зерттеу және оқу-әдістеме орталығының директоры

қоса, домбыра шертуді де үйреніп алған екен.

Жақсыны көрмекке дегендей, жақында әл-Фараби ғылыми кітапханасының дәрісханасында филология, тарих факультеттерінің орыс бөлімінде оқитын бір топ студенттерді минзулық жастармен кездестіріп, таныстырудың реті келді. Минзулықтар фарабилық достары үшін «қонақ кәде» дайындап, қазақ тілінде «Дос туралы жыр», қытай тілінде достық туралы «Пың йо» әнін шырқады. Қытайды мекен ететін ұлттардың биінен құралған «Минзу университеті студенттерінің биі» түрлі сазды әуенмен мың бұрала биледі. Сонымен қатар «Мақтаншақ қыз» атты қазақ ертегісін шебер сахналап, көрермендердің көңілін көтеріп, өнерлеріне тәнті етті. Қазақтың «Қара жорға» биінің нақышына келтіре орындап, қазақстандық студенттерді шабыттандырды. Филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенттері «ауылдың алты ауызы» ретінде Мағжанның өлеңін оқып, Естайдың әні «Құсни Қорланды» шырқады. Достық кездесу соңында қытайлық студенттердің жетекшісі, Минзу оқытушысы Гүлғайша Бейісхан жастарға тілек айтып,

АШЫҚ ДӘРІС

«Механика кафедрасы күндері» шарасы аясында №6 Студенттер үйінде жаңадан ашылған «Робототехникалық жүйелер» мамандығы туралы ашық дәріс сабағы өтті.

Дәрісті механика-математика факультеті механика кафедрасының профессор м.а., «Робототехникалық жүйелер» білім беру бағдарламасының координаторы Жадыра Жумашева және механика кафедрасының оқытушысы Б. Сағитжанов өткізді.

Биыл Қазақстанда алғаш рет ҚазҰУ-дың механика кафедрасының базасында «Робототехникалық жүйелер» білім беру бағдарламасы (бакалавриат, магистратура) ашылды.

Қазіргі уақытта робототехника ХХІ - ғасырда мемлекеттің ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және қорғаныс әлеуетін айқындайтын ғылымды, техника мен технологияны дамытудың негізгі бағыттарының біріне айналып отыр.

Дәріскерлер "Робототехникалық жүйелер" мамандығының қазіргі заманда кең сұранысқа ие болып отырғандығын және нағыз болашақтың мамандығы екендігін айта келе, "Робототехникалық жүйелер" - механика, ақпараттық жүйелер және электроника салаларын тоғыстыратын пәнаралық мамандық болып табылатындығын да жеткізді.

Дәріс соңында механика кафедрасының студенттері өздерінің ғылыми жобаларын ұсынды. Атап айтсақ, «Ақылды қолғап» жобасын Убайдуллаев Бауыржан, «KazRoboBot» бойынша Дәуіт Ділдібек, «Delta Robot» жобасын Алтынбек Жармұхамет қорғап шықты.

Д. ТУРАЛИНА,
механика кафедрасы

Студенттік өмірді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қабырғасында өткізіп жатқаныма қуаныштымын. ҚазҰУ-армандар орындалатын мекен. Университет көлемі, білім беру, ұйымдасу жағынан да алда тұрады.

Бәрі білетін «КазГУград» өз алдына бір бөлек әңгіме. Онда студенттерге барлық жағдай бар. Оқимын, дамимын, өзімді дамытамын деген жастарға барлық жағдай қарастырылған. Сол мүмкіндіктер тізімін атап өтсек: Студенттер сарайы, «Керемет» орталығы, ТМД-дағы ең үлкен кітапхана, оқу ғимараттары, спорт кешені, интернет орталығы, технопарк, студент үйлері және т.б. бар.

ҚазҰУ-да болып жатқан түрлі үлкенді-кішілі іс-шаралар, ғылыми додалар, спорттық сайыстар жетіп артылады. Университет қабырғасында тек білім алып қана қоймай, белсенді жастар ұйымына мүше болып, ұйымшылдық, жанашырлық, адамдармен тіл табысу деген сияқты қасиеттеріңді дамытып, көшбасшылыққа үйренсе болады. Өзіңді жан-жақты сынап көріп, көп дос тауып, басқа да факультеттің студенттерімен етене араласып, олармен үнемі пікір алмасып, біліміңді жетілдіресің. Бұл жерден өмірлік тәжірибе, қайталанбас қызықты сәттер, ізгі ниетті достардыда табасың.

Мұғалімдердің біліктілігі студенттерді дұрыс көзқараста болашаққа бағыттап, өздерінің жақсы жақтарынан көріне алуына үлкен көмегін тигізіп отыр. Әр жылы болатын практикалардан студенттер керемет әсер алуда, осы жылы болған биология және биотехнология факультетінде 2019 жылдың жазайындағы Ыстықкөлдегі практикалық сабақтары

ЖАСТАРДЫҢ ЖЫЛЫ ҰЯСЫ



ерекше есте қалатындай және қызықты көңілді өткен, біздің университетіміздің жетістіктері әр бір студентті қызықтырмай қоймайды. Факультеттер арасында өтетін іс шараларда өздерінің жан жақты қырларын көрсету арқылы лагерьлерге, концерттерге жолдама алып ол жерде болған қызықтарымен керемет етіп бөліседі. Осы жағдайларға куә болып отырып университеттің жетістіктерін мақтанышпен айтуға тура келеді.

Web Of Science халықаралық ғылыми жұмыстар базасында ҚазҰУ-дың соңғы бес жылда жарияланған материалдары Қазақстандағы барлық ЖОО-дан әлдеқайда көп. Мұның өзі университетте қандай білікті мамандар дәріс беретіні дәлелдей түседі.

Шамамен 22000 студентті білім нәрімен сусындатып отырған бұл университеттің Қазақ елінің болашағына үлкен үлес қосуы десек, артық айтпаған болар едік. Себебі, көпсалалы әрі көпдеңгейлі оқу ордасының түлектері Қазақстанның түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етіп, ел дамуына септігін тигізуде. Тек Қазақстан аймағында ғана емес, шет елдерде де ҚазҰУ-дың түлектері талай шыңға шығып жүр.

Жанар ЧУНЕТОВА,
биология және биотехнология факультетінің оқытушысы, б.ғ.д.,
Ажар НҰРЫМОВА,
биология және биотехнология факультетінің 3-курс студенті

Студенты механико-математического факультета выиграли второе место среди университетов в конкурсе бизнес идей «Erasmus Day»

ЖАЛЫНДАЙ БЕР ЖАС ТАЛАНТ



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА, Қайыржан ТӨРЕЖАН
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
 Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс: №1706

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.